



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

Астана қаласы

город Астана

2023 жыл 19 қыркүйек № 294

**Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысы
орынбасарының 2023 жылғы 1 ақпандағы № 23-32-4.3 хаттамасының
3-тармағын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 2023-2024 оқу жылына арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспар бекітілсін.

2. Тәрбие жұмысы және қосымша білім департаменті осы бұйрықты облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының назарына жеткізсін.

3. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары:

1) осы бұйрықты аудандық, қалалық білім бөлімдерінің және ведомстволық бағынысты ұйымдары басшыларының назарына жеткізсін;

2) жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі қажетті шаралар қабылдасын;

3) 2023-2024 оқу жылынан бастап жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізсін.

4. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» Қазақстан Республикасының

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«Қ.ПІРИМОВ АТЫНДАҒЫ
№103 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БҰЙРЫҚ



КОММУНАЛЬНОЕ
ОСУДАРСТВЕННОЕ УЧЕРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА №103
ИМЕНИ К.ПИРИМОВА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
ПРИКАЗ

120419, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы
Жалантос батыр ауылы, А. Тлеубаев көшесі №8 тел: 8(72438) 2 54 37
эл почта kazaly_103@mail.kz

БҰЙРЫҚ

120419, Кызылординская область, Казалинский район
аул «Жалантос батыр», ул.А.Тлеубаева №8 тел: 8(72438) 2 54 37
эл почта kazaly_103@mail.kz

ПРИКАЗ

« 19 » қыркүйек 2023 жыл

№ 99-А

**Мектепте 2023-2024 оқу жылындағы
тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру туралы**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығын орындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп бойынша білім алушылармен тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрінің 2023 жылдың 19 қыркүйек күнгі №294 бұйрығын негізге ала отырып тәрбие жұмысының жоспары жасалып, бекітілсін.
2. Сынып жетекшілерінің 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жоспары мектептің тәрбие жұмысының жоспары негізінде, тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» бағыттарына негізделіп жасалуы сынып жетекшілерінен сұралсын.
3. Білім алушылармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, сынып жетекшілердің тәрбие жоспары бойынша жұмыстардың жүргізілуіне бақылау жасау мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Тажибаевқа міндеттелсін.

Мектеп директоры:



А.Нурадинов